



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№22 (982) Сәрсенбі 10 маусым 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

САЛА БАСШЫЛАРЫНА БІРҚАТАР ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ



Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда туризмді дамыту мәселесі талқыланды. Бұл жиындағы бағыттар бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Сонғы жылдары туризм - тек ішкі сұранысты қамтып қана қоймай, шетелдіктер үшін де тартымды салаға айналып келеді. Бұл мүмкіндікті тиімді пайдалану мақсатында инфрақұрылымды жақсарту, қызмет сапасын арттыру мен жаңа бағыттарды дамыту қажет.

- Туризмді дамытудағы өзекті мәселенің бірі - сервистік қызмет сапасы. Сондықтан барлық қонақ

үйлер, тамақтану және қоғамдық орындар, Бағыс Еуропа – Бағыс Қытай халықаралық автомобиль дәлізінің бойындағы кешендер талаптарға сай болуы тиіс. Ол үшін күнделікті бақылау жүргізіп, кәсіпкерлерге түсіндірме жасауды тапсырамын, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Бүгінде шаһарымызда туристік бағытта өзге өңірлердің қызығушылығын арттыру мақсатында халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту, туристерге жергілікті өнімдердің ассортиментін ұсыну, тарихи орындарға турлар жасау бойынша міндеттер қабылдануда. Сондай-ақ, интернет кеңістігінде қаланың көрікті жерлерінің жаңартылған фотосуреттері енгізілуде.

«САПАРБАЕВ ТҰЛҒАСЫ» КІТАБЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ

«Достық үйінде» көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекулы Сапарбаевтың өмірі мен еңбек жолына арналған «Сапарбаев тұлғасы» кітабының таныстырылымы өтті. Аймақ басшысы Бердібек Сапарбаевтың ел дамуына сіңірген еңбегіне тоқталып, оның мемлекеттік қызметтегі өнегелі жолы жас ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асып жатқан «Әкімдер мектебі» жобасы аясында Мемлекеттік қызмет Астаны агенттігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында «Сапарбаев тұлғасы» атты кітаптың тұсаукесері өткен болатын. Бұл – елге қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған азаматтың өнегелі жолын бейнелейтін тағылымды туынды. Қарапайымдылық пен адамгершілікті, кісілік пен кішілікті, талапшылық пен әділдікті бір бойына сыйдырған азаматтың есімі Тәуелсіз Қазақстанның тарихына алтын әріппен жазылды. Уақыт оны арамыздан алыстатқанымен, рухани мұрасы ешқашан жоғалмайды», - деді Мұрат Нәлжолжаулы.

Бердібек Машбекулы мемлекеттік қызметтің түрлі сатыларында абыройлы еңбек етіп, сындарлы кезеңде халық пен



билік арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Премьер-министрдің орынбасары, Қызылорда, Оңтүстік және

Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімі ретінде ел дамуына зор үлес қосты.

«Ел тілегі» ақпарат



ШИЖАҒАДА ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Шижаға елді мекеніндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты. Соңғы жылдары өңірде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде 2022-2026 жылдары 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның 25-і - спорт нысаны. Аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, спорт саласындағы жетістіктерді атап өтті.

«Президентіміз Үкімет пен облыс әкімдеріне мемлекет қолдауын тиімді, мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру міндетін қойды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің жобалар сәтті жүзеге асуда. Күні кеше Аманөткел ауылындағы 150 орындық мәдениет үйінің жаңа ғимаратын ел игілігіне табыстадық.

Бүгін Сексеуіл кентінде «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясының демеушілігімен 1 млрд. теңгеге салынатын "Оқушылар үйі" мен "Өнер мектебінің" іргетасын қаладық. Сонымен қатар, Абай елді мекенін орталықтандырылған сапалы ауызсуға қосамыз. Осындай игі істердің жалғасы ретінде Өздеріңізбен бірге «Ауыл

- ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған Шижаға ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенін табыстаймыз.

Жаңа спорт кешені дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осы жерден әлемдік ареналарда Қазақстанның көк Туын көкте желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз», - деді Мұрат Нәлжолжаулы.

Рәсімде қоғам қайраткері Айтбай Көшербай сөз сөйлеп, Аққұм ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытжан Сматауллаев ақ батасын берді. Ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосамыз. Осындай игі істердің жалғасы ретінде Өздеріңізбен бірге «Ауыл

өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, өткен жылы Президент қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық стадион, "Теннис орталығы" және инклюзивті спорт кешені пайдалануға берілді. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі және Жалағаш аудандарында спорт кешендері ашылды.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен құрылған 80 спорт-ойын алаңы балалар игілігіне айналды. Бүгінде облыс орталығында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені, «Қайсар» футбол клубының академиясы салынууда.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

50-ДЕН АСТАМ РЕЙД ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Өңірде өрт қауіпті маусым басталғалы мемлекеттік орман қоры аумақтарында 26 өрт оқиғасы тіркелді. Өрттердің жалпы аумағы 1295 гектардан асып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бірнеше есе жоғары көрсеткішке жеткен. Осыған байланысты өңірде табиғи өрттердің алдын алу және қауіпсіздік шараларын күшейту жұмыстары жалғасуда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Бейбітхан Спанов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, биылғы өрттердің басым бөлігі Жалағаш, Шиелі, Арал және Сырдария аудандарында тіркелген. Өрт ошақтарының бірқатары геопортал жүйесі мен рейдтік іс-шаралар барысында анықталса, кейбір жағдайлар бақылауды ортеу жұмыстары кезінде

белгіленген талаптардың сақталмауынан орын алған.

Өрттердің шығу себептерін анықтау және олардың алдын алу бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Анықталған деректер бойынша бірнеше өрттің ашық отты абайсыз пайдалану салдарынан шыққаны белгілі болды. Кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылып, тиісті шаралар қабылданды. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына бақылау күшейтілді. Өрт қаупін азайту мақсатында облыс көлемінде ауқымды профилактикалық жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері полиция және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен 50-ден астам рейд ұйымдастырылып, 125 профилактикалық іс-шара өткізілген. Сондай-ақ, халық арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілген - деді Бейбітхан Оразаұлы.

СЫР ЕЛІНІҢ КҮРІШШІСІ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында дала академия, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, күрші өсіру мен егін шаруашылығының данқты шебері Ыбырай Жақаевтың туғанына 135 жыл толуына орай «Сыр елінің күршісі» атты бейне шолу ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты - қазақ халқының бұрынғы, қазіргі мемлекетіміздің тарихындағы ірі, іргелі тұлғаларды үлгі ету. Оқырмандарға Ыбырай Жақаев туралы және күрші өсіру тарихы туралы түсінік беру, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу. Бейне шолу барысында қатысушыларға Ыбырай Жақаевтың ауыл шаруашылығы саласындағы ерен еңбегі, күрші өсірудегі озық тәжірибесі мен ел дамуына қосқан зор үлесі туралы ақпараттар ұсынылды.



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙЛЕР СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері калалық прокуратура өкілдерімен бірлесіп, Қорқыт ата атындағы университет студенттерімен ақпараттық-түсіндіру мақсатында кездесу өткізді.

Кездесу барысында жастарға дропперлік қылмыстың қоғамға тигізетін зияны, оның құқықтық салдары және мұндай заңсыз әрекеттерге қатысудың жауапкершілігі жан-жақты түсіндірілді.

Сонымен қатар, студенттерге интернет-алаяқтардың қазіргі уақытта жиі қолданатын жаңа тәсілдері туралы мәлімет беріліп, алаяқтық әрекеттерден қорғану жолдары түсіндірілді.

Қатысушыларға жеке деректерді қорғау, күмәнді қаржылық операцияларға қатыспау және бейтаныс адамдардың ұсыныстарына сақтықпен қарау жөнінде кеңестер айтылды.

Шараның негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қаржылық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және интернет кеңістігінде жасалатын қылмыстардың алдын алу.

Полиция қызметкерлері азаматтарды сақтық танытып, күмәнді қаржылық ұсыныстарға сенбеуге және заңсыз әрекеттерге жол бермеуге шақырды. Бұндай игілікті шара алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының қызметкерлері Қызылорда облысы прокуратурасының қызметкерлерімен бірлесіп, жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында жол қозғалысы қауіпсіздігі, кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі, сондай-ақ интернет-алаяқтықтың кең таралған түрлері туралы айтылып, сақтық шаралары түсіндірілді.

Шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу.



ЗАҢСЫЗ КЕЛУШІ-2026

Заң мен тәртіп: қала көлемінде «Заңсыз келуші-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде. Ағымдағы жылдың 8-12 маусым күндері аралығында қала аумағында «Заңсыз келуші-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараның негізгі мақсаты – шетел азаматтарының құқықтарын сақтай отырып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, заңсыз көші-қонның алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу қағидаларының сақталуын бақылау.

Іс-шара барысында көші-қон заңнамасын бұзу деректерін анықтау, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында болу тәртібін түсіндіру, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы азаматтарды көші-қон заңнамасының талаптарын сақтауға және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған шараларға түсіністіктен қарауға шақырады.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

«ЗАҢСЫЗ КЕЛУШІ-2026»
ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
ІС-ШАРАСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ағымдағы жылдың
8-12 маусым күндері аралығында

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНДА ӨТКІЗІЛУДЕ

ІС-ШАРАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – оқиғасыз келген шетел азаматтарының құқықтарын сақтай отырып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, заңсыз көші-қонның алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу қағидаларының сақталуын бақылау.

ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА: шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу тәртібін бұзу деректері анықталса, азаматтарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 0211 жылы 21 қыркүйегінде №148 құрылымымен бекітілген шешімдерін Қазақстан Республикасына қол, оңда болу және кету қағидалары түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

ПОЛИЦИЯ АЗАМАТТАРДЫ көші-қон заңнамасының талаптарын сақтауға және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған шараларға түсіністіктен қарауға шақырады.

ЗАҢДЫ САҚТАҢЫЗ – ӨЗІҢІЗ ДІ, ҚОҒАМДЫ ДА ҚОРҒАҢЫЗ!

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ

ҚАРАСОРА-2026

Қарасора-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында есірткілік масаң күйде көлік басқарған жүргізуші анықталды. Қызылорда қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция батальонының қызметкерлері республикалық «Қарасора-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында есірткілік масаң күйде автокөлік басқарған жүргізушіні анықтады.

Атап айтқанда, 2026 жылғы 8 маусым күні Қызылорда қаласы Яссауи көшесінің бойында «Chevrolet Cobalt» маркалы автокөлік тоқтатылып,

жүргізушіге қатысты медициналық куәландыру жүргізілді. Куәландыру қорытындысына сәйкес, жүргізушінің есірткілік масаң күйде болғаны анықталды. Аталған дерек бойынша жүргізушіге қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттама рәсімделді.

Жол қозғалысында қатысушыларға масаң күйде көлік басқарудың өз өмірі мен өзгені қауіпсіздігіне зор қауіп төндіретіні ескертілді. Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтаңыздар!

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында халық көп шоғырланатын орындарда, оның ішінде базар аумағында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында азаматтарға интернет алаяқтарының кең таралған айла-тәсілдері түсіндіріліп, жеке деректерді, банк карталарының мәліметтері мен SMS арқылы келген қолдарды бөгде адамдарға бермеу қажеттігі ескертілді.

Сонымен қатар тұрғындарға сақтық шаралары жазылған

арнайы ақпараттық парақшалар таратылып, күмәнді қоныраулар мен хабарламаларға сенбеу керектігі жөнінде кеңестер берілді.

Құқық қорғау органдары азаматтарды қырағы болуға және алаяқтық фактілеріне тап болған жағдайда дереу полицияға хабарлауға шақырады.

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ – ЕЛ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДЫҢ НЕГІЗІ

Еліміздің сот жүйесінің негізгі қағидағары Конституцияға сәйкес жүзеге асырылады. Ата Заңымыздың негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.



Тәуелсіздік жылдарында еліміздің сот жүйесінде түбегейлі реформалар жүргізіліп, сол арқылы жалпыұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру мәселелеріне басымдық берілді. Соның нәтижесінде, елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, заңның үстемдігін қамтамасыз ететін Тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесі қалыптасты.

денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан адамдар, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Дегенмен де, қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша кейбір санаттағы қылмыстық істерді тараптардың татуласуымен аяқтау мүмкін емес. Атап айтқанда, азаптаулар, кәмелетке толмағандардың абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға медиация тәртібі қолданылмайды.

Дауды татуласумен аяқтау үрдісі азаматтық істерде де тиімді жүзеге асып келеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексіне татуластыру рәсімдеріне арналған тарау бар. Онда татуластыру рәсімдерінің жүргізілу тәртібі туралы көрсетілген. Азаматтық істердегі татуластыру рәсімдерінде сот тараптарға татуласу рәсіміне қатысу үшін шақыру жібері отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Шақыруда тараптар татуласу рәсімі - бітімгершілік келісім, медиация, партисипативтік рәсім шеңберінде дауды шешу құқығын түсіндіре отырып, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы хабарлар өткізеді. Қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақыру тиісті ұйғарым

бойынша әкімшілік істерді қарайды. Әкімшілік істер бойынша татуластыру рәсімдерінің жүргізілу тәртібіне тоқталатын болсақ, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі.

Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Дауды татуластыру рәсімдерімен реттеу туралы келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындаушылық талаптарға сай келуге және тараптарды татуластыратын шарттарды, сондай-ақ сот шығыстарын, оның ішінде өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтуға тиіс. Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтінішхатты сот отырысында немесе алдын ала тыңдауға қарайды.

Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіткен кезде, сот талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы ұйғарым шығарады.

Ерікті түрде орындалмаған татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім сот келісім жасаған адамның өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындалуға жатады. Қазақ халқы ертеден сөзге тоқтай білген. Сол себептен болар, сот жүйесінде іске асырылып жатқан татуластыру шаралары тиімділігін көрсетуде. Бұл ретте халықты татуластыруға, дауларды азайтуға Қызылорда облысының соттарына ерекше үлестерін қосуда.

Би-шешендеріміз ұлт бірлігін нығайту мәселелерін келелі жиындарда талқылап, халық арасындағы келіспеушіліктен туындайтын дауларды шешетін болған. Қызу-айтыс тартыстар ушығып кетер тұста тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін билер айтқан. Қазіргі таңда билердің төрелік айту дәстүрі сот жүйесінде татуластыру рәсімдері арқылы жалғасын тауып, халық арасындағы дауды азайтуға септігін тигізуде деп сеніммен айта аламыз.

АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс прокуратурасының ұйымдастыруымен облыс прокуроры Ризабек Ожаровтың төрағалығымен, мемлекеттік органдар, оның ішінде Әділет департаменті мен жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасы басшылары мен өкілдерінің қатысуымен алимент өндіру мәселелері бойынша көшпелі алқа мәжілісі өткізілді.

Жиында балалардың құқықтарын қорғау, алимент өндірудің тиімділігін арттыру және қаскөй бұрышкерлерге қатысты заңмен көзделген шараларды күшейту мәселелері талқыланды.

Прокуратурамен жүргізілген талдау нәтижесінде алимент өндіру саласында қайталанатын жүйелі бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, 500-ден астам алимент өндіру туралы өндіріс атқарушылық іс қозғау қаулысын қабылдаумен ғана шектеліп, әрі қарай тиісті жұмыстар жүргізілмеген.

12 бұрышкердің жалақысына өндіру қолданылмаған, 45 бұрышкердің мүлкі мен есеп-шоттарына шектеу қойылмаған, 362 бұрышкерге шетелге шығуына тыйым салу шаралары қабылданбаған.

Мәселен, Байқоңыр қаласының сот орындаушысы шетелге шығуға шектеу қоймауынан миллион теңге қарызы бар бұрышкер бірнеше рет Өзбекстан еліне барып келген.

Бұған қоса екі жылдан бері меншігіндегі шетел автокөліктерінен бұрышкердің 2 млн теңге бөренесін өндіруге әрекеттенбеген.

Сондай-ақ, бұрышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту бағытындағы жұмыстардың жеткіліксіздігі, ал Әділет департаменті тарапынан жүргізілген мемлекеттік бақылаудың нәтижелілігі төмен екендігі атап өтілді.

Жиын барысында Бас Прокурордың қасақана жалтарған бұрышкерлерді әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту тәртібі туралы Нұсқауы түсіндіріліп, аталған қадағалау актісіне сәйкес әзірленген бірлескен іс-қимыл жоспарын мен жұмыс алгоритмі талқыланды.

Алқа мәжілісінің қорытындысымен уәкілетті органдарға нақты тапсырмалар беріліп, алимент өндіру жұмыстарын күшейту, бұрышкерлерге қатысты заң талаптарын мүлтіксіз қолдану және азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою тапсырылды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«TURANIUM» ЖШСҚР Экологиялық кодексінің 73 бабының 1 тармағына сәйкес 17.07.2026 жылы сағат 16:00 Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, Байкенже а.о., Қалқоз Сиргебайұлы көшесі, №5 «СЫРДАРІЯ ӨЗЕНІНІН ЖАЙЫЛМАСЫНДА «СОЛТҮСТІК ХАРАСАН» КЕН ОРНЫНДА, ХАРАСАН-1 КЕНШІНДЕ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ БӨГЕТ САЛУ» жұмыс жобасына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлаймыз.

Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтеме жасай отырып, ол бойынша қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал содан кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен ndbecology.gov.kz танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 87242605362 телефоны және prd@korda.gov.kz электронды адресі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us05web.zoom.us/j/83018799140?pwd=XjmcY2vO9LlPegOaC9hZk14bM93Sd2d.1>

Идентификатор: 830 1879 9140
Код: 000000
Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Қонаев көшесі 4, БЦ «Prima Park», 301 кенсе, байланыс тел. 8-771-885-17-95, too_ecoprojectservice@mail.ru арқылы алуға болады.
Белгіленген қызметтің бастамашысы:
«TURANIUM» ЖШС, Занды мекен-жайы: 120302, Байкенже а., Жанакорған ауданы Қызылорда облысы. Нақты мекен-жайы: Қызылорда қ., Айтеке би к-сі, 52
БИН 140840003457
Эл.адрес: office_reception@kyzylkum.kazatomprom.kz
Жобаны дайындаушы:
«KAZHADAPROJECTS» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қонаев к. 4, БЦ «Prima Park», 301
БИН 171240022221
Тел: 8-771-885-17-95,
Эл.адрес: too_ecoprojectservice@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «TURANIUM» в соответствии с требованиями ст.73-1 Экологического Кодекса РК, сообщает, что в 16:00 ч.17.07.2026 года по адресу Кызылординская область, Жанакорганский район, Байкенже о.о., ул.Калқоз Сиргебайұлы, №5 состоится общественное слушание в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к рабочему проекту «СТРОИТЕЛЬСТВО ПРОТИВОПАВОДКОВОЙ ДАМБЫ В ПОЙМЕ РЕКИ СЫРДАРЬЯ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ «СЕВЕРНЫЙ ХАРАСАН», РУДНИК ХАРАСАН-1».

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), по которой можно ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и опубликованным протоколом общественных слушаний ndbecology.gov.kz.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по телефону 87242605362 и электронной почте prd@korda.gov.kz Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка <https://us05web.zoom.us/j/85666006415?pwd=SOF261JUMDeAlvXAlJaVvprJ5MHaaD.1>

Идентификатор: 830 1879 9140
Код: 000000
Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Кунаева 4, БЦ «Prima Park», 301 кабинет, тел.8-771-885-17-95, too_ecoprojectservice@mail.ru
Инициатор намечаемой деятельности:
ТОО «TURANIUM», Юридический адрес: 120302, с. Байкенже, Жанакорганский район Кызылординской области. Фактический адрес: г. Кызылорда ул. Айтеке би, 52
БИН 140840003457
Эл.адрес: office_reception@kyzylkum.kazatomprom.kz
Разработчик проекта: «KAZHADAPROJECTS» ЖШС, Кызылординская область, город Кызылорда, ул.Кунаева 4, БЦ «Prima Park», 301. БИН 171240022221. Тел: 8-771-885-17-95,
Эл.адрес: too_ecoprojectservice@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Онгарова А.К.» ЖТ17.06.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласында, Байтерек мөлтек ауданында, 1 даңғыл, 2 «А» құрылысында орналасқан бетондық өнімдерді өндірістік базасының құрылысына» жұмыс жобасына «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша көпшілік алдында талқылау түрінде бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдау өтетіндігі туралы хабарлайды.

Жобаға қатысты ұсыныстар мен ескертулерді бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz/> қалдыруға болады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Онгарова А.К.» ЖТ, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі, 2 үй, 1 пәтер тел: 8 702 424 3999.

Жобаны әзірлеуші: «Орда Проект Консалтинг» ЖШС-і, БСН 111240003333, Қызылорда қаласы, Жахаева көшесі 66/3, тел: 8 (7242) 230335.

Қосымша мәліметтерді алуға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: 8 (7242) 230335, e-mail: ordaproekt2011@mail.ru.

ЖАО электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, N1, тел: 8- (7242) -60-53-62

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ФЛ «Онгарова А.К.» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения с 17.06.2026 г. в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> по разделу «Охрана окружающей среды» рабочему проекту «Строительство производственной базы бетонных изделий «Байтерек» по адресу город Кызылорда, мкр. Байтерек-1, проспект 1, строение 2 «А»».

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор намечаемой деятельности: ФЛ «Онгарова А.К.», Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. М. Ауезова дом №2, кв. №1, тел: 8 702 424 3999

Разработчик проекта: ТОО «Орда Проект Консалтинг», БИН 111240003333, г.Кызылорда, ул. Жахаева 66/3, тел: 8 (7242) 230335.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел.: 8 (7242)230335, e-mail: ordaproekt2011@mail.ru.

Электронный и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, тел: 8-(7242)-60-53-62

Шиелі ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 04 маусымдағы «Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» №130-қ қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі ауданы бойынша бөлім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 21 қаңтардағы №1-10/54 хатын карап, Шиелі ауданының әкімдігі ҚАМ.Ы.ЕТЕДІ:

